ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 4 қыркүйек №7119-23-00-2/9287 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.К. Кусманова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Sake» атауымен әрекет етуші Салыбеков Сейдалы Маурупханулы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Sake» атауымен әрекет етуші Салыбеков Сейдалы Маурупханулы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Sake» атауымен әрекет етуші Салыбеков Сейдалы Маурупханулы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер **«**N&A» атауымен әрекет етуші Едилбай Нурболат Керимулынан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 04.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 11.10.2023, судья Кусманова А. К., 11.10.2023
7119-23-3-1/9076

алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 04.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.10.2023, судья Кусманова А. К., 11.10.2023

7119-23-3-1/9076